

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ**



**Кафедра: Терапиялық стоматология**

**СРС  
Презентация**

**Тақырыбы: Стоматологиялық науқастарды  
функционалдық тексеру әдістері.**

**Тексерген: Уразбаева Б.М**

**Орындаған: Балқан А.С**

**Факультет: Стоматология**

**Курс: V**

**Тобы: 12-001-01 топ**

**Алматы 2017**

# ЖОСПАР

---

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Ауыз қусының шырышты қабатын тексеру әдістері
- Бұлшықеттерді тексеру әдістері
- Қорытынды

# КІРІСПЕ


---


- Ауыз қуысы шырышты қабығы – ағза айнасы. Оның күйі ағзада өтіп жатқан жасырын паталогиялық үдерістерін көрсетеді. Шырышты қабық –қуатты имундық тосқауыл, ол ағзаны жұқпалы ауырудан қорғайды, қан түзуге және ас қорытуға қатысады. Ол өте сезімтал. Онда жылулық, ауырсыну, сезіну, дәм рецепторлары бар, олардың көмегімен асты механикалық және химиялық өңдеудің дәрежесін бақылауға алынады. Маңызды ас қорыту рефлекстерінің пайда болуы, ас қорыту жолының іс-әрекетінің бастамасы тексеріледі. Сол себепті, әсіресе ортопедиялық стоматологияда ауыз қуысы шырышты қабығының қызметін білген өте маңызды.



# АЫЗДЫҢ ШЫРЫШТЫ ҚАБАТЫН ТЕКСЕРУ

- Электронды эстеziометр өлшеудің жоғарғы дәлдігін береді: бірақ  $\pm 5\%$  берілгендердің цифірін шешу үшін математикалық есептеулер жүргізілу қажет. Бұл құралдың бүкіл жиынтығының қоректену блогы бар күшейткіш пен өзі жазғыштың салмағы 40 кг тең. Ол ауыспалы тоқ желісімен қоректенеді, сондықтан құралды стационарлық жағдайда ғана қолдануға болады.






3.12-сурет.

Шырышты қабық қызметтік күйін тіркеу құрылғысы: А - Ирошникова бойынша; Ә - Соловейчик және Гущина бойынша; Б - Копыт бойынша; В - Воронов бойынша.



# БҰЛШЫҚЕТТЕРДІ ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕРІ

Шайнау бұлшық еттің өзін саусақпен тексергенде бас бармақ оның алдыңғы шегіне салынып басқаларды артқы шекте орналасады. Бұлшық ет мұқият саусақпен қысылады. Оны екі саусақпен тексеруге болады : сұқ саусақ ауыз қуысы жағынан басбармақ сыртынан орналасады. Міне осылай бұлшық еттің даму дәрежесін және білінуін, оның кернемесін, тығыздалу орындарын, ауыратын нүктелерін (олар бар болса) анықтайды.



# ЭЛЕКТРОМИОГРАФИЯ

- Бұлшықеттердің биопотенциалын тіркеп жазумен жүретін функциональді әдіс болып табылады. Электромиографиямен бұлшықеттерді тексергенде арнайы датчиктермен тері үстілік электродтар қолданылады. Электродтарды зерттейтін бұлшықет нүктесіне медициналық желімнің көмегімен бекітеді. Бұлшықеттердің күш түсу кезіндегі жиырылуын саусақпен сипау арқылы анықтайды.




Рис. 13. Электромиография.



# МИОТОНОМЕТРИЯ


- Миотонометр арқылы шайнауға қатысатын және қимылдайтын бұлшық еттердің кернемесі өлшенеді. Қалыптан ауытқу болса, бұлшық еттердің кернемесі де өзгереді. Мысалы, асқынған тіс жегісі кезінде шайнайтын бұлшық еттердің кернемесі тыныш тұрғанда көтеріліп кетеді, сөйтіп ол тістің ауруына себеп болады. Аталмыш аспап байқағышпен граммен межеленген шкаласы бар өлшегіштен құралады.





# ГНАТОДИНАМОМЕТР

- Шайнау қысымы гнатодинамометр аспабын қолдану арқылы килограммен өлшенеді. Соңғы кездері датчиктері бар аспап қолданылады..



# ГЕЛЬМАННЫҢ ШАЙНАУ СЫНАМАСЫ

- Гельман шайнаудың нәтижесін тағамның 50 секунд уақыт аралығында шайналуы арқылы анықтауды дұрыс деп есептейді. Шайнауды сынау үшін тыныш жағдай керек. Өлшеп оралған бадам жемісі, шұңғыл ыдыс, қайнаған суы бар стакан, диаметрі 15x15 сантиметр шыны түтік, өлшемі 20x20 см дәке салфетка, су құйатын қазан, диаметрі 2,4мм тесігі бар темір сүзгі, таразы сияқты заттар дайындалып алғаннан кейін, тексерілетін адамға 5грамм бадам жемісі 50 секунд ішінде шайнауға беріледі. Осыдан кейін шайналған бадам дайын тұрған ыдысқа түкіріледі, ауызы сумен шайылып, шайынды да сол ыдысқа құйылады. Оған 8-10тамшы 5 пайыздық алмас ертіндісі қосылып, ыдыстағы заттар дәкеден жасалған салфетка арқылы шыны түтікке сүзіледі.



- Дәкеде қалған бадам, суы бар қазан үстіне кептірілуге қойылады. Бұл жағдайда тым кеуіп кетпеуге сақ болғаны жөн, өйткені оның салмағы азайып кетеді. Бөлшектер бір – бірімен жабыспай, бөлек – бөлек күйге келгенде сынама кептірілді деп есептеуге болады. Бадамның түйірлерін темір сүзгіден өткізеді. Тіс қатарының қалыпты жағдайында барлық шайналған тағам сүзгіден өтіп кетеді, бұл шайнау тиімділігінің 100 пайыз екендігінің дәлелі. Сүзгіден өтпей қалған түйірлер болса, олар өлшеніп, прапорция арқылы шайнау нәтижесінің бұзылу шамасы анықталады, ол үшін қалдықтың барлық шайналған бадамның салмағына деген қатынасы ескеріледі. Мысалы: сүзгіден 1,2 грамм түйір қалса, шайнаудың бұзылуының шамасы мынаған тең болады:

5гр ---- 100%

1,2гр ----- x%

$$x = 1.2 \times 100 : 5$$

$$x = 24\%$$

## РУБИНОВТЫҢ ФИЗИОЛОГИЛЫҚ НЕГІЗДЕГІ ШАЙНАУ СЫНАМАСЫ.

- Рубиновтың пікірі бойынша, 5грамм бадам шайнауға қиындық келтіреді, сондықтан алынған нәтиже дәл бола бермейді. Оның ойынша, шайнауға жабайы жаңғақтың салмағы 500мг болатын 1 дәнін берген дұрыс сияқты деген. Шайнау уақыты жұтуға дейінгі аралықтан анықталады. Ол орта есеппен 14 секундқа тең. Жұту рефлексі басталған сәттен сынама ыдысқа түкіріледі, әрі қарай тексерілу Гельман тәсіліне сүйінеді.



# ҚОРЫТЫНДЫ

---

- Ауыз қуысының шырышты қабаты мен шайнау бұлшықеттерін осы функционалды әдістермен тексеру әр түрлі ауруларда диагноз қоюға көмектеседі. Ал ауруды ерте сатысында анықтау оның емін әлдеқайда жеңілдетеді

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

---

- Рақышев “Адам анатомиясы”, Алматы 2009
- Копейкин В.Н. Обследование и диагностика в ортопедической стоматологии
- С.Р.Рузуддинов, А.А.Седунов, И.Ә.Құлманбетов, Ю.С. Лобанов” Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы”